

**«Б Е К И Т Е М И Н»**

**Маңғыстау облысының денсаулық  
сақтау басқармасының «Мұнайлы  
аудандық ауруханасы» ШЖҚ МҚК**



**Ж.Е. Досжанова**

**«08» әйріп 2024 жыл**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе  
ықтимал фактілері туралы қызметкерлерді хабардар ету тәртібі**

Осы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал фактілері туралы қызметкерлерді хабардар ету тәртібі, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі – Зан), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы» 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалғаны туралы ақпараты бар адам бұл туралы өзі қызметкөрі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына хабарлайды және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы, басшылық құрамы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолдануға міндettі.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық факті туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де тәсілмен көмек көрсеткен адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Қылмыстық процеске тартылған адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қорғауда болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен көтермеленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық факті туралы көрінеу жалған ақпарат берген, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартылатын адамдарға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ынталандыруға қатысты ережелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел-іздестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органмен құпия негізде ынтымақтасатын тұлға;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе өзі жасаған немесе сыбайлас болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдемдесетін тұлға;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеуде жүрген адамның тұрған жері туралы мәліметтерді беру;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де көмек.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлау немесе қамтамасыз ету мақсатында адамның өзі (немесе) қызметкери болып табылатын мемлекеттік органның немесе ұйымның жоғары басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінгені туралы мәліметтер. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен) өзге де көмек көрсету туралы іздеуде жүрген адамның тұрған жері туралы мәліметтер құпия ақпарат болып табылады, егерде

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілген ақпаратты жария етпеу туралы шарт жасасқан жағдай. Бұл ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.